**Павлодар облысы бойынша 2023 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелері туралы**

Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы № 46/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 наурызда № 7313 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 108 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Павлодар облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оның Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар облысы әкімінің орынбасары С.Б. Батырғұжиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Павлодар облысының әкімі* | *А. Байханов* |

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Павлодар облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
27 ақпандағы № 46/2
қаулысына 1-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы әкімдігінің 19.12.2023 № 331/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағытының атауы | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативі, теңге | Субсидияланатын көлем | Субсидиялар сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| Жергілікті бюджеттен субсидиялар көлемдері | | | | | |
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | | |
| | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | бас / шағылыстыру маусымы | 10 000 | 74 826 | 748 260 |
| 2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 15 000 | 18 628 | 279 420 |
| 3 | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | сатып алынған бас | 150 000 | 1 991 | 298 650 |
| | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 4 | Отандық | сатып алынған бас | 150 000 | 2 666 | 399 900 |
| 5 | Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу | | 150 000 | 35 | 5 250 |
| | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас ірі қара мал болатын ет өндеуші кәсіпорындарға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм | 200 | 1 710 199 | 342 039,8 |
| | Барлық сомасы | | | | 2 073 519,8 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | | |
| | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу: | | | | |
| 7 | Бір жынысты | сатып алынған доза | 10 000 | 300 | 3 000 |
| 8 | Қос жынысты *** | сатып алынған доза | 5 000 | 712 | 2 270,48 |
| | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 9 | Отандық *** | сатып алынған бас | 200 000 | 314 | 49 931,5 |
| 10 | Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Европа елдерінен импортталған | | 400 000 | 1 950 | 780 000 |
| | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | | |
| 11 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | өткізілген немесе өңделген килограмм | 45 | 58 919 709 | 2 651 386,905 |
| 12 | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық | | 30 | 2 655 115 | 79 653,45 |
| 13 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық | | 20 | 843 407 | 16 868,14 |
| 14 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | | 20 | 15 000 003 | 300 000,06 |
| | Шаруа (фермер) қожалықтарынд | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15 | а және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас | 5 000 | 431 | 2 155 |
| | Барлық сомасы | | | | 3 885 265,535 |
| Етті құс шаруашылығы | | | | | |
| 16 | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату * | өткізілген килограмм | 200 | 338 371 | 67 674,2 |
| 17 | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату ** | | 100 | 859 735 | 85 973,5 |
| | Барлық сомасы | | | | 153 647,7 |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | | | |
| 18 | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | сатып алынған бас | 60 | 416 700 | 25 002 |
| | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады) : * | | | | |
| 19 | 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс | өткізілген дана | 3 | 11 220 655 | 33 661,965 |
| | Барлық сомасы | | | | 58 663,965 |
| Қой шаруашылығы | | | | | |
| | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | бас / шағылыстыру маусымы | 4 000 | 14 999 | 59 996 |
| 21 | Қойлардың тауарлық аналық басы | | 2 500 | 27 306 | 68 265 |
| 22 | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу *** | сатып алынған бас | 15 000 | 4 573 | 68 511 |
| 23 | Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу | | 30 000 | 132 | 3 960 |
| 24 | Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу | | 150 000 | 10 | 1 500 |
| | Барлық сомасы | | | | 202 232 |
| Жылқы шаруашылығы | | | | | |
| 25 | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу | сатып алынған бас | 100 000 | 2 | 200 |
| | Барлық сомасы | | | | 200 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | | |
| 26 | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | бас / шағылыстыру маусымы | 40 000 | 6 250 | 250 000 |
| | Барлық сомасы | | | | 250 000 |
| Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: | | | | | |
| 27 | Балара ұяларымен селекциялық және тұқымдық жұмыс жүргізу | балара ұясы/ маусым | 5 000 | 3 700 | 18 500 |
| | Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату : | | | | |
| | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 28 | қара малдың аналық басы * | бас | 50 000 | 684 | 34 200 |
| 29 | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы | | 40 000 | 18 764 | 750 560 |
| 30 | Ірі қара малдың аналық басы * | | 7 000 | 6 935 | 48 545 |
| 31 | Ірі қара малдың аналық басы | | 15 000 | 111 393 | 1 670 895 |
| 32 | Ұсақ малдың аналық басы * | | 3 000 | 45 526 | 136 578 |
| 33 | Ұсақ малдың аналық басы | | 5 000 | 115 709 | 578 545 |
| 34 | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | килограмм | 60 | 40 000 | 2 400 |
| | Барлық сомасы | | | | 3 240 223 |
| | Барлығы | | | | 9 863 752 |
| Республикалық бюджеттен субсидиялар көлемдері * | | | | | |
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | | |
| 1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | бас / шағылыстыру маусымы | 10 000 | 3 024 | 30 240 |
| 2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 15 000 | 236 | 3 540 |
| 3 | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | бас / шағылыстыру маусымы | 100 000 | 4 | 400 |
| 4 | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу *** | сатып алынған бас | 150 000 | 395 | 59 246,5 |
| | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 5 | Отандық | сатып алынған бас | 150 000 | 382 | 57 300 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм | 200 | 636 857 | 127 371,4 |
| | Барлық сомасы | | | | 278 097,9 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | | |
| | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу: | | | | |
| 7 | Қос жынысты | сатып алынған доза | 5 000 | 168 | 840 |
| | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | |
| 8 | Отандық | сатып алынған бас | 200 000 | 198 | 39 600 |
| 9 | Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған *** | | 400 000 | 1 759 | 703 148,49 |
| | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | | |
| 10 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | өткізілген немесе өңделген килограмм | 45 | 19 497 162 | 877 372,29 |
| 11 | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық | | 30 | 6 769 668 | 203 090,04 |
| 12 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан | | 20 | | 20 045,6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын шаруашылық | | | 1 002 280 | |
| 13 | А у ы л шаруашылығы кооперативі | | 20 | 3 283 714 | 65 674,28 |
| | Барлық сомасы | | | | 1 909 770,7 |
| Етті құс шаруашылығы | | | | | |
| 14 | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату | өткізілген килограмм | 100 | 481 321 | 48 132,1 |
| | Барлық сомасы | | | | 48 132,1 |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | | | |
| 15 | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | сатып алынған бас | 60 | 263 480 | 15 808,8 |
| | Барлық сомасы | | | | 15 808,8 |
| Қой шаруашылығы | | | | | |
| | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | |
| 16 | Қойлардың тауарлық аналық басы | б а с / шағылыстыру маусымы | 2 500 | 9 895 | 24 737,5 |
| 17 | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | сатып алынған бас | 15 000 | 1 236 | 18 540 |
| | Барлық сомасы | | | | 43 277,5 |
| | Барлығы | | | | 2 295 087 |

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 17-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу жергілікті атқарушы органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілген қаулысы негізінде келесі қаржы жылы қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде өтінімдердің келіп түскен күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

** - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) 2022 жылғы 20 желтоқсанға ( қоса алғанда) дейін күрке тауық етін өндіру құнын арзандатуға субсидиялау нормативі 200 теңге қолданылады, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 100 теңге нормативі қолданылады.

*** - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 1-қосымшаның ескертпесіне сәйкес, жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативтерге сәйкес субсидияланады, ал бекітілген нормативтен сатып алу құнының жартысы асып кеткен жағдайда, субсидиялау сатып алу құнының 50% -ына тең мөлшерде жүзеге асырылады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Павлодар облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
27 ақпандағы № 46/2
қаулысына 2-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы әкімдігінің 08.09.2023 № 220/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| | Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | | |
| 1 | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы | бас | 40 000 |
| 2 | Ірі қара малдың аналық басы | | 15 000 |
| 3 | Ұсақ малдың аналық басы | | 5 000 |

Павлодар облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
27 ақпандағы № 46/2
қаулысына 3-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы әкімдігінің 08.09.2023 № 220/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшемшарттар | САЖ-да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі | Өтінімді беру мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | Өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | Ағымдағы жылғы 15 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| 1.1 | Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы | Өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) 600 бастан кем емес болуы | | |
| 1.2 | Ірі қара малдың аналық басы | 1) өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) 1 және одан жоғары басқа дейін болуы;<br>2) жайылымның болуы | | |
| 1.3 | Ұсақ малдың аналық басы | 1) өтінімді берген сәтте меншікті қойдың/ешкінің аналық басының (12 айдан асқан) 1 және одан жоғары басқа дейін болуы;<br>2) жайылымның болуы | | |

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖБ – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор;
САЖ – субсидиялаудың ақпараттық жүйесі;
САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК